

Біржолғы талондардың құнын белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2009 жылғы 23 қаңтардағы N 16/101-IV шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 20 ақпанда N 14-2-69 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 11/59-V Шешімімен

Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2012.12.21 № 11/59-V Шешімімен.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2011.10.21 N 48/306-IV Шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 100-IV Заңының 36 бабына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес Арыс қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2011.10.21 N 48/306-IV Шешімімен.

1. Қызметі дүркін-дүркін сипатта болатын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандары үшін біржолғы талондардың құнының мөлшері 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2011.10.21 N 48/306-IV Шешімімен.

2. Базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандары, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін біржолғы талондардың құнының мөлшері 2 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2011.10.21 N 48/306-IV Шешімімен.

3. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат сессиясының төрағасы *Б. Тоқсейітов*

Қалалық мәслихат хатшысы

Ө. Керімқұлов

Қызметі дүркін-дүркін сипатта болатын жеке тұлғалар үшін біржолғы талондардың құнының мөлшері

Ескерту. 1-Қосымша жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2011.10.21 N 48/306-IV Шешімімен.

№	Қызмет түрлерінің тізбесі	Бір жолғы талонның құны (теңге)
1	Сату (стационарлық үй-жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда)	1 0 0
	1) газеттер мен журналдар	1 0 0
	2) тұқым, сондай-ақ, отырғызылатын материал (екпелер, көшеттер)	1 0 0
	3) бақша дақылдары	1 2 0
	4) саяжайларда және үй маңындағы учаскелерде өсірілген табиғи гүлдер	
	5) қосалқы ауыл шаруашылығы, бағбандық, бақшашылық және саяжай учаскелерінің өнімдері	1 0 0
	6) жануарлар мен құстардың жемдері	
	7) сыпыртқылар, сыпырғылар, орман жидегі	1 0 0
	8) Бал, саңырауқұлақ және балық	1 0 0
		150
2	Жер учаскелерін өңдеу жөніндегі жеке трактор иелерінің көрсететін қызметі	400
3	Үй жануарлары мен құстарын бағу	150

Базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін біржолғы талондардың құнының мөлшері

Ескерту. 2-Қосымша жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2011.10.21 N 48/306-IV Шешімімен.

№	Тауар, жұмыс және қызмет түрлері	Бір жолғы талонның құны (теңге)
1.	Базар аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтер	
1	Ұн, нан және нан тағамдары, кондитерлік тауарлар	150
2	Еттер	150

3	Сүт, айран, қымыз, қаймақ, құрт, қымыран	90
4	Көкөніс, жеміс-жидектер, азық-түлік тауарлары, заттар, майлар, сусындар (1 шаршы метр)	150
5	Құрғатылған жемістер	150
6	Қыстық, жаздық және басқадай мезгілдік сыртқы, ішкі киімдер, өндірістік трикотаж заттары, маталар, бас киімдер, аяқ киімдер, кілемдер, төсеніштер, жамылғылар, бағалы металдан жасалған заттар (2 шаршы метр)	200
7	Теле-радио, аудио-видео аппараттар, оның бөлшектері, музыкалық аспаптар, аппараттар, тоңазытқыштар, кір жуатын машиналар, мәдениет тауарлары	150
8	Кеңсе тауарлары, парфюмерия, косметика тауарлары, шұлықтар, носкилер, бижутерия, гирляндар, ойыншықтар, сағаттар, шаруашылық-тұрмыстық заттары, тауарлары, электр тауарлары	120
9	Жеңіл көліктер, ауыл шаруашылық техникалары, автобустар, арбалар (1 кіріп шыққаны)	150
10	Мото-VELO тауарлары, олардың қосалқы бөлшектері, автобөлшектер, балалардың коляскалары, сырғанақтар	100
11	Құрылыс материалдары, заттар	150
12	Ірі қара малдар, жылқылар, түйелер	150
13	Қойлар, ешкілер, есектер	100
14	Құстар мен аңдар, иттер	90
15	Жемдер (2 шаршы метр)	200
16	Гүлдер	150
17	Аяқ киім жөндеу және басқа да шұғыл тұрмыстық қызметтер көрсету	100
18	Ұсақ-түйек заттары, тауарлары	100